

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗІРГІ ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАТТАРЫ (Т.ӘБДІҚҰЛЫ ДРАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тлеу Гульжаннат Канатжанкызы

T.gul05@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің «филология:қазақ тілі»

мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Рақымжан Тұрысбек

1970-1980 жылдардағы қазақ әдебиетіне тың тақырыптарымен келген талантты жазушы Төлен Әбдіқұлы. Қарымды қаламгер – Төлен Әбдіқұлы 1942 жылдың 4 қыркүйегінде, Қостанай облысы Жангелдин ауданы Еңбек ауылында дүниеге келді. Өзге жазушылар секілді

Т. Әбдіқұлы әдебиетте алғаш әңгімелерімен көрінді. Алғашқы туындысы - «Райхан» Қазақстан жазушыларының 1964 жылы жарық көрген «Таңғы шық» атты жинақта жарық көрді. Бұдан кейін де "Күзгі жапырақ", "Ақиқат", "Айтылмаған ақиқат", орыс тілінде "Истина" атты повестер мен әңгімелер жинағын оқырмандарға ұсынды. "Өліара", "Біз үшеу едік" пьесасы республикалық театр сахналарында қойылды. Грек аңыздары "Эллада ерлерін" қазақ тіліне аударды. Сонымен қатар, бірнеше шығармалары шетел тілдеріне аударылды. 2002 жылы жазылған "Парасат майданы" повесі тосындылығымен ерекшеленіп, ПЕН-клубтың сыйлығын иеленіп, Халықаралық Франц Кафка атындағы сыйлығымен марапатталды. Ал, соңғы жылдары «Ардагер» атты пьеса мен «Тұғыр мен ғұмыр» атты повестері жарыққа шықты.

Т.Әбдік бүгінде көп қырлы, сан сырлы шығармаларының арқасында зор абыройға бөленген, талантымен танылған тұлғалы жазушы. Оның әрбір жаңа шығармасы жариялана сала жұртшылық тарапынан қызығушылық тауып, баспасөз беттерінде әрқилы қызу пікірлер айтылып жатуы да сол дарын даралығының басты белгісі болса керек. Осындай өмірдің мәні мен мақсатын сезіндіріп, жаныңа жылу құйып, нұrlандыратын туындылары арқылы Т.Әбдіқұлы туған әдебиетіміздің мерей-мәртебесін өсіріп жүрген жазушы. {1;1}

Жазушы өз шығармаларында, әсіресе жақсылық пен жамандықтың тартысы, әлеуметтік –психологиялық ойлар, философиялық байламдар, адамның екіге бөлінуі секілді т.б тақырыптарды көп қозғайды. Бір ерекшелігі: кейіпкер психологиясын, жан тебіреністерін суреттеп отырып-ақ автор адами құндылықтар мен адамгершілік қағидаларға философиялық астар береді. Бұл жазушының стилі десе де болады. Өйткені, ғалым Г. Піралиева « Тағы бір тоқталар жайт – Т. Әбдіковтің тілі. Оның қай туындысын алмаңыз, артық – ауыз әңгімеге, жалған сезімге, кездеспейміз. Немесе, ділмарсыған кейіпкер, не автор жоқ. Мүмкіндігінше аз сөзге көп мағына сыйдыруға және әр сөзінің әйтеуір, бір роль атқаруына аса жауапкершілікпен қарайтындығы – қаламгердің өзіндік қолтаңбасы, өзіндік әдіс – тәсілі» {1;2}, - дейді.

Т. Әбдіқұлы шығармаларында әсіресе монолог, ішкі монолог, ойлау, өзін - өзі бақылау мен өзін - өзі талдау сияқты тәсілдер жиі кездеседі. Шығармаларының негізі философиялық астарларға бай екенін ескерсек, бұл тәсілдердің шығарма сюжеті мен кейіпкердің жан дүниесін ашып көрсетуде шешуші роль атқарады.

Академик С. Қирабаев: «Шындықты іріктеп ала білу, оның ішіндегі прогрессивті құбылыстарды таңдау және насихаттау, ұнамсыздықты жек көрсете білу де реализмге кіреді. Бізде реализмнің осындай тоғысқан үлгілері жетіспейді. Реализмнің толымсыздығы , - әлі жазушы есебінде де толыспағанның белгісі. Содан барып, нағыз шындықтан гөрі шығармаларда кездейсоқ оқиғалар өріс алады» - деп жазушының көркемдік ізденістерін реалистік тұрғыдан баға береді.

Жазушы өз шығармаларында XX ғасырдың екінші жартысында модернизм ағымынан кейін пайда болған ірі құбылыс - «постмодернизм» тақырыбында көп жазып, ерекше үлгілер қалдырды. Соның ішінде: «Парасат майданы», «Оң қол», «Жат перзент», «Бассүйек» т.б

шығармалары көркемдік ерекшеліктер, психикалық талдау тәсілдерімен талдау барысында көптеген сыншылардың, жазушылардың ойлы пікірлері айтылып, зерттеліп келеді.

Енді осы жазушының драматургиясына тоқталсақ... Жазушының белгілі екі драмалық шығармасы бар. Алғашқысы «Біз үшеу едік» пьесасы 1984 жылы Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар және жасөспірімдер театрында қойылды. Қостанайдағы орыс драма театры автордың Мұрат Ерғалиев аударған осы пьесасын орыс тіліне аударып, сахнаға шығарды. Режиссер Александр Лиопа сахналаған туынды Қарағандыда өткен фестивальда «Қазақ драматургиясын меңергені үшін» арнаулы дипломымен марапатталды. Осы заманның өзекті мәселелерін арқау еткен пьесада 20 жыл өткен соң бұрынғы бірге оқыған достардың кездесуі сөз болады. Мұрат, Өмірбек және Дариганың біреуі елім десе ет жүрегі елжіреген перзент болса, екіншілері ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүруді көздеген тоңмойындар. Үшеудің аққу, шортан, шаяндай ара-қатынасы көрерменді тәрбиелейді, жаманнан жирентіп, жақсыдан тәлім алуға шақырады. {2;1}

Т.Әбдіктің «Біз үшеу едік» драмасы ішкі психологиялық қақтығысқа құрылған шығарма. Әйгілі режиссер, талантты актер Райымбек Сейтмет: «Оны көру үшін көңіл көзімен қарау керек. Мұнда кей драмалардағы секілді шымшытырық оқиға жоқ, бәрі де әңгімелесу мен ой ағыны үстінде шешіледі» - дейді. Шынында да, драмада жақсылық пен жамандықтың, әділет пен әділетсіздіктің қақтығысы орын алып, оқырманды қай пікірді қолдау керектігіне қиындық туғызады. Яғни, шығарманы оқып отырсаң, екі кейіпкердің екеуінің де пікірі дұрыс секілді, қайсысының бұрыс, қайсысының теріс екенін аңғара алмай дал боласың. Осындай қақтығыстардың арасында шығарма оқырманды ойлануға, өз санасына терең ұғынуға мүмкіндік жасайды.

Шығарманың қысқаша мазмұнына тоқталар болсақ, Өмірбек пен Дариға отбасын құрады. Тату-тәтті өмір кешіп жатады. Ал, күндердің күнінде Дариға өзі қызмет істейтін жердегі басшысымен «тіл табысады». Осы жағдайды Мұрат біліп қойып, Өмірбектің бетіне басып айтады. Иә, бұдан кейін қандай отбасы болсын. Екеуі ажырасады. Өмірбек бұның бәріне де Мұратты кінәлайды. Мұрат досын еш түсінбейді. «Адамдар неге өтірікпен өмір сүре алады, бұл өз болмысыңа жасаған барып тұрған қиянат қой»- деп қиналады. Осыдан бастап тартыс басталады... {3;1}

Негізінен пьесасада осы үш кейіпкер арасындағы хикая сөз болады. Мұрат о бастан шындықты сүйетін, қай кезде де адалын, ақиқатын айтып отырғанды қалайды. Өз қиялында өмір деген шыныдай таза, судай мөлдір болуы шарт. Соны іздейді. Соны арман етеді. Ал, екінші досы Өмірбек олай емес. Ол үшін өмір сүру деген – көп нәрсеге көз жұма қарау. Тым талапшыл болмау. Сонда ғана өмір қиын болмайды. Бұл өмірде Мұрат тектес адамдар аса қажет-ақ, өйткені, Өмірбек секілді әр нәрсеге кешіріммен қарайтын, қиындықпен күрескісі келмейтін адмадарға «Адалдықтың бәйгесіне атыңды қос. Жеңсең де – алдасың, жеңілсең де – алдасың» (Мұрат сөзі) – деп айтып отыратын адамдар керек секілді.

Шығармадағы үш кейіпкердің де ойлары, айтқан пікірлері адамды ізгі қасиеттерге тәрбиелейді. Мысалы, Мұрат пен Өмірбектің диалогын оқып отырсаң, әсіресе Өмірбектің ойлары адамды кешірімді болуға, ізгілік жасауға, қамқорлық көрсетуге үгіттейді. Оны мына үзіндіден байқап көрелік:

«Өмірбек. Біріншіден, кешірім сұрау қорлық емес – әдеп. Екіншіден, сен айтып отырған оқиғаға ең алдымен Дариганың өзі кінәлі. Оны ешкім зорлаган жоқ. Үшіншіден, одан бері талай заман өтті. Қазір менің басқа отбасым бар. Өткеннің бәрі ұмытылған. Бір кездегі достар қастасып, қастар достасып кетті.» {4;424}

Яғни, мұнда «Кешірімділік—кішіпейілділіктің көрінісі» - дегендей, әр нәрсеге кешіріммен қарауға, біреудің саған істеген жамандығын ұмыту секілді тәрбелік мәнді нәрселер көзделеді.

Сондай-ақ, жамандық пен жақсылықтың айырымын Өмірбек былайша көрсетеді:

«Өмірбек. Сен өмірдің бетіне тура қарағың келмейді. Егер тура қарасаң, көп нәрсеге басқаша баға берген болар едің... (Кідіріп). Адам деген бар болғаны пенде ғана. Сен алдымен осыны мойында. ...Өмір баяғы біз ойлағандай емес, достым. Жақсы мен жаман

бір-бірімен аралас, егіз туған бала сеіклді – ажырамайды. Ал біз оларды бір табаққа сыймайтын екі бөлек қошқардың басындай көруші едік. Айдалада «Жамандық» деп аталатын бөлек қамал бардай, соған әскер жиып, қасиетті соғысқа аттанып кеткіміз кеп тұрғандай болушы едік. Айдалада ондай қамал жоқ. Жақсылық та, жамандық та мына өзіміздің ішімізде, миымызда. Оған ашық соғыс жариялай алмайсың...» - дейді. {4;425}

Міне, бұл үзінділерден, біріншіден адамды жақсы жаққа тәрбиелейтін қасиеттерді көре аламыз, екіншіден Өмірбектің пікірін оқи отырып, адамды терең ойлануға, өз санасына терең бойлауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, мұнда жазушының шеберлігін аңғарамыз. Жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттерді оқырманға мысал арқылы, адамды терең ойға салып жеткізу – бұл жазушының асқан шеберлігін көрсетеді.

Жазушының осы драматургия саласындағы тағы бір туындысы - «Ардагер» пьесасы. «Ардагер» пьесасын ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған драматургиялық шығармалар байқауында бас жүлдені жеңіп алған болатын. Т.Әбдікұлы бір сұхбатында осы пьесасы туралы былай дейді: «Бұл пьеса менің көптен бері толғантып жүрген шығармаларымның бірі болатын. Негізгі тақырыбы – тәуелсіздіктен кейінгі әлеуметтік келеңсіздіктер, қоғамның кісілік келбеті, ұрпақтар арасындағы қайшылық. Әрине, кемшілік барлық қоғамда бар, бірақ сол кемшілікті мойындау арқылы ғана одан арылуға болады. Кемшілікті жазғырудың орнына оны қолпаштап, қолдай бастаса, яғни шындықты айтқандар төмендеп, өтірік айтқандар, жағымпаздар жоғарылап жатса, онда қоғамда азу процесі басталады. Шын өнер қоғамды сауықтыруға ықпал жасауы керек». Қазіргі уақытта бұл драма «Ұлы мен ұры» деген атпен сахналанып жүр. {4;1}.

Бұл шығармадағы негізгі кейіпкерлер – профессор, ұры және ұлы. Үшеуінің де өмірге деген көзқарасы жер мен көктей. Шығарма профессордың үйіне түсем деп, ұсталып қалған ұры: «мені кешіріңіз, мен оңбаған адаммын» десе, профессор:

– *Оған еш қысылма, сен жоқшылықтан ұрлыққа түстің, ал үлкен мағынада алсақ, біз де ұрылармыз, – дейді.*

Ұры аң-таң. «Бұл қалай?» деп сұрайды. Профессор:

– *Біз де біреулердің ойын ұрлаймыз да, соны өзіміздің пікіріміз деп жалпақ жұртқа жария етеміз. Оған еш қымсынбаймыз да»- дейді.*

Осы «Ардагер» мен «Біз үшеу едік» пьесасы арасында байланыс бар. Екеуінде де кісі бойындағы кереғарлық, болмысты бұрмалап көрсетуге ұмтылушылық қатты сынға алынған. Елдің санасын сілкілеп, есін жиғызатын ойлы туындылар деуге әбден болады. Екі пьесада да дискуссия, ой тартысы белең алады. Екі шығармада да үш кейіпкердің ойлары үш жерден шығып, оқырманды, көрерменді тығырыққа салады.

Шығармада қазіргі замандағы басты үш проблема қозғалған. Біріншісі, профессор ұрымен тек біздің түсінігіміздегі «ұрлықты» емес, жалпы рухани ұрлық туралы сөз болады. Рухани ұрлыққа: жемқорлық, паракорлық, шетелге қашып кету, халық ақшасын жұмсау секілді т.б мәселелерді жатқызады. Мұны мына үзіндіден көруге болады:

«Ардагер. Кім біледі? Біздің ұрлығымыз сенікінен кем болмаған да шығар.

Ұры (таңырқай қарап) Рас айтамысың?

Ардагер. Сен секілді үйге түскем жоқ, әрине, бірақ ұрлық тек үй тонаудан тұра ма екен?

Ұры (қызыққандай түрмен). Иә?..

Ардагер. Біреудің айтқан ой-пікірін, тіпті тұтас бір шығармасын пайдалану, біреуге тиесілі ырыздық-несібені қазып кету, өзгенің сөзін өзімдікі деп айту – осының бәрі ұрлық демей не?... Мен тек өзімді айтып отырған жоқпын ғой. Жалпы рухани ұрлық туралы айтып отырмын. (Әлі де аңтарылып отырған ұрының түріне қарап). Жарайды, онда басқасын айтайын. Халықтың ақшасын қалтасына басып, шетелге қашып кету, қызмет бабын пайдаланып, мемлекет қаражатын өз пайдасына оңды-солды жұмсау, жеріңді, кеңіңді тонау, пара алу, пара беру, елдің есесінен баю – осының бәрі ұрлық емес пе?» {5;449} – дейді.

Екіншісі, профессор журналистермен жазушы ретінде сұхбаттасып, қоғам, мемлекет туралы ойымен бөліседі. Мұнда жеке басқа табыну, яғни бастықтарға жағымпазданудан жалықпаған, құлдық санадан арыла алмаған адамдар жайлы ойын да еш бүкпесіз жеткізеді. Онымен қоса, адам бойындағы жағымсыз мінез: мақтаншақтық, өзімшілдік, қызғаншақтық, атаққұмарлық секілді адам бойындағы пендешілік қасиеттерді сынға алады. Мұны мына үзіндіден байқап көрелік:

«Журналист (Ардагерге). Ал сіз не айтар едіңіз қазіргі жасалып жатқан ұлан-асыр тойлар туралы?»

Ардагер (ойланып). Ұлылардың сөзімен айтсақ: «Атаққұмар адам – ақылдыларға мазақ, ақымақтарға кемеңгер, жағымпаз-алаяқтарға олжа және өз бойындағы атаққұмарлықтың басыбайлы құлы». Қысқасы, бәрі – пендешілік. Адам бойындағы пендешілік қасиеттердің болуы, әрине, бір жағынан заңдылық. Мақтаншақтық, өзімшілдік, қызғаншақтық, атаққұмарлық – ау баста, белгілі бір дәрежеде, жұрттың бәрінде болады деп ойлаймын. Бірақ адам өзінің пендешілігімен күресуі керек қой. Пенделік кемшіліктермен күресу арқылы, соларды жеңу арқылы адам бекзаттыққа қол жеткізеді. Ұлылық – кішіпейілділікте. Сондықтан қолдан ұйымдастырылған дабыра даңқтың бәрі бекершілік. «Арсыз болмай атақ жоқ» дейді жарықтық Абай. Одан асырып ештеңе айта алмаспыз.» {5:464}

Үшінші, профессор ұлымен отбасылық құндылықтар жайында сөз қозғап, әке мен бала арасындағы проблема көтеріледі.

«Ұлы. Дети должны чувствовать реальность, а не жить иллюзорным, желаемым представлением. Хватит того, что мы жили в условиях сплошного вранья, с верой – жизнь прекрасна, общество идеально, родители безупречны. А что вышло из этого самообмана? Мы были не готовы к суровой правде жизни и постоянно проигрывали в борьбе за выживание. Если вот так будет продолжаться, придет еще одно безпомощное, безликое поколение, неспособное защищать ни себя, ни других.. этого ли хотите?»

Ардагер. Сендерді жалған сенімге тәрбиелеген ешкім жоқ. Керісінше, үйдің тәрбиесін менсінбей, көшеден үлгі алған өздерің шығар. Ата-ананың айтқанын бәледей көріп, бәрін де өзіміз шешеміз, өзіміз жасаймыз деген өзімшіл қиялмен әуейіленіп жүріп едіңдер. Сол босстандықтан не таптыңдар? Жарайды, тіпті тапқан шығарсыңдар, бірақ адамгершілік қайда, перзенттік парыз қайда? Ол екеуінсіз сендердің ақыл-білімдеріңнен не мағына қалады? Сырт көзге мен кезінде лауазым иесі болған әйгілі ғалым, арманына жеткен адам секілді көрінуім мүмкін. Бірақ менен сорлы кім бар?.. (Әрі қарай айтсам ба айтпасам ба дегендей ойланып) Кемпірі өлген, бала өз бетімен кеткен, айдаладағы бір шәкіртінің бағуында өлшемнің күнін көріп отырған шалмын десем, жұрт сенер ме екен маған?? Әкені осындай жағдайға қалдыруды да мен үйреттім бе?...» {5:473}

Міне, бұл келтірілген үзінділерде қазіргі қоғамдағы басты проблемалардың басын ашып, олар неден пайда болатынын, оны қалай жою керектігіне сөз қозғайды. Шығармадағы қозғалған үш проблемалар – бұл рухани ұрлық, адам бойындағы пендешілік қасиеттер және отбасылық құндылықтарды сақтау. Жазушы өз туындысында осы тақырыптарды негізге ала отырып, айтылған басты үш мәселені оқырманға кейіпкер тілі арқылы жеткізеді. Оқырманды рухани азбауға, адам бойындағы жаман қасиеттерден арылуға шақырады. Екі шығарманы салыстыра отырып, осындай түйінге келе аламыз.

Қорыта келгенде, жазушы Төлен Әбдікұлы өз шығармаларында адамның рухын кемелдендіре түсетін ойлары арқылы оқырманды ізгілік істеуге, жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелейді. Шығармаларында жақсылық пен ізеттілікті басты негізге ала отырып, адамды өз санасына терең бойлауға мүмкіндік жасайды. Оқырмандардың зор сүйіспеншілігіне бөленген мұндай жеңіске ол, бойындағы таланты, жазу шеберлігі мен өнердегі ізденісінің жетістігі арқасында жетті.

Жазушының драматургия саласына қосқан үлесі мол. Жазушының «Біз үшеу едік» және «Ардагер» драмаларын талдау арқылы қаламгердің айтайын деген ойын кейіпкер тілі арқылы

көреміз. Драмада талданған басты үш проблема – қазіргі қоғамда да белең алып жатқан мәселелердің бірі. Соны жазушы өз шығармаларында басты тақырып негізінде ала отырып, адам бойындағы пендешілік қасиеттерді жою, отбасылық құндылықтарды сақтау секілді нәрселерді қозғайды. Жұмысымызда талданған екі туындыны салыстыра отырып, бұл туындылардың негізгі идеясы – адам жанының тазалығы туралы ой қозғау, жамандықтан жиреніп, ізгілікке жол бастау деген түйінге келеміз.

Жалпы, Т.Әбдікұлының қай шығармасын алсаң да адам бойындағы ізгі қасиеттерді негізге ала отырып, жамандық пен жақсылықтың арасын ашып көрсетеді. Оның қаламынан туған шығармаларында зұлымдыққа қарсы ой пікірлері айтылып, оқырманды терең ойға салады. Т.Әбдік шығармалары әлі талай ғылыми еңбектердің нысанына айналары сөзсіз. Оның творчествасы жыл өткен сайын жаңарып, жасарып келер ұрпақтың сүйсіне оқитын шығармаларына айналары сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б.
2. Әбдікұлы Т. Әке [Мәтін] : повестер мен әңгімелер. - Алматы : Қайнар, 2005. - 384б
3. Әбдіков. Т. Айтылмаған ақиқат: Повестер мен әңгімелер [Мәтін] / Т. Әбдіков. - Алматы : Жалын, 1979. – 256 б
4. Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. - Алматы: Б.Ж. 2001-776 б.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
6. «Қостанай таңы» газеті, 4 қыркүйек, 2012 ж «қаламгер қайраты көрнекті жазушы Төлен Әбдік - 70 жаста»
7. «Егемен Қазақстан» газеті, 4 қыркүйек, 2012 ж «Адалдық алаңындағы қаламгер»
8. «Қазақ әдебиеті» газеті, №37 «Төлен туралы толғаныс»
9. Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы [Текст] / С. Қирабаев. - Алматы : Жазушы, 1992. - 544 б
10. www.old.abai.kz сайты

ӨОЖ 811.512.122:81'36

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҒЫЗ ТОБЫ ТІЛДЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР КӨРСЕТКІШТЕРІ

Төлегенова Мөлдір Елжанқызы

moldir_inder94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Сағидолда Г.С.

Қазақ тілі түркі тілдерінің классификациясында қыпшақ тобы тілдеріне жататыны белгілі. Қазақ тілінің қалыптасу тарихында қыпшақ-оғыз байланысының алатын орны ерекше. Сондықтан қазақ тілі салыстырмалы тарихи аспектіде көбінесе қыпшақ тобы тілдерімен салыстырыла зерттеледі де, оның оғыз тобы тілдерімен байланысы назардан тыс қалып келеді. Көне түркі дәуірінде оғыз-қыпшақтық белгінің айқын ажырамағанын және орта түркі дәуірі ескерткіштерінің қазақ тілі тарихындағы орнын ескеретін болсақ, қазіргі қазақ тілі мен оғыз тобы тілдерінің жекелеген сөздерін салыстырып отырып-ақ талай қызықты тілдік фактілерге кез боламыз. Сол фактілердің бір тобы бүгінгі мақаламыздың негізіне арқау болмақ.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында көне түркі заманынан сақталып келген, бірақ бұл күнде жеке тұрып, сол көне мағынасында қолданылмайтын бір алуан сөздер бары байқалады.